



Үмбетей Тілеуұлы



Үмбетей Тілеуұлы (1706-1778) - Ақмола облысында, яғни Орталық Қазақстанда дүниеге келген. Ол жас жағынан Бұқар жыраумен құрдас болған деген дерек бар:

**Үмбетей Бұқармен дос, құрдас екен,
Қайтыс боп үш жыл бұрын құса-дерттен,-**

деген өлең жолдары осыны меңзейді. Бұл өлеңді Бөгенбайдың немересі Бапан би шығарған деседі ел аузында. Үмбетей жас күнінен-ақ кедейліктің зардабын тартады.

Ақындық даңқы шыққан Үмбетейді Абылай хан өз айналасында ұстайды, ол сол кезден-ақ жырау атанған. Ол Бөгенбай батырға серік әрі оның жыршысы болған.

Жырау қазақ халқының Жоңғар басқыншыларына қарсы күресте болып, тарихи оқиғаларды нақты жырлаған. Ол халық мүддесі үшін хан көңіліне қарамай, әділ, тура өлеңдер қалдырған.

Жырау Ақмола өңірінде жүз жасап дүниеден өткен.



❖ **Үмбетей жырау**- дидактикалық поэзияның әйгілі шеберлерінің бірі. Ол жастайынан сөз өнеріне ден қойған. Оның осы жолдағы алғашқы ұстазы - өз әкесі болған. Ол ән өнерін жақсы білген, ел тарихына өте қанық адам болғанға ұқсайды. Сол себепті халық шежірелерінен, шешендік сөздерінен, халық дастандарынан көп тағылым алған.

❖ **Үмбетей жырау**- елінің қорғаны болған батырларды жырына арқау еткен. "Бөгенбай өліміне", "Бөгенбай өлімін Абылай ханға естірту" атты толғауларында ол Бөгенбай бастаған халық батырларын дәріптеп, қайратты ерлерді ұрпағына өнеге еткен. Жырау Бөгенбай батырдың ерлік бейнесін тамаша өрнектейді. Оны асқар Алатауға теңейді, тегеурінді бүркітке балайды, "Боламшыдай анадан болат тудың, Бөгенбай" деп қастерлейді. Атамекен жаудан қорғап қалған, халқымыздың ұлан-байтақ жерін- Баянауыл, Қызылтау, Абыралы, Шыңғыстау- бүкіл Сарыарқа атырабын қалмақтардан аман алып қалған Бөгенбай батырдың ерлігін сүйсіне жырлайды.



Қай уақытта да Үмбетей жыраудың есімі қанжығалы қарт Бөгенбаймен қатар аталады. Арнау жырларымен аты шыққан Үмбетей жырларының дені толғау.

Бөгенбай батырдың 1708 жылы 30 мың қолды бастап, қазақ елінің берекесін алып, құтын қашырған казак-орыстарды талқандап, Еділден әрі асырып тастағанын:
Балдырғаны білектей,
Бүлдіргені бүйректей.
Бөденесі үйректей,
Шортаны тайдай тулаған.
Қоралы қойдай шулаған,
Ұзыны шексіз, ені алыс —
Еділден өттің Бөгенбай,
— деп жырлайды.




Шығармалары:

- Үмбетейдің Бөгенбайға арнаған екі ұзақ жыры бар. Оның бірі Бөгенбайды жоқтау да, екіншісі – Бөгенбай өлімін Абылай ханға естіртуі.
- XVIII ғасырдағы қазақ ауыз әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі – Үмбетей жыраудың бізге жеткен қиссаларының көрнектісі – «Жантай батыр».
- Және жыраудың қолынан мынандай туындылар туған: «Он екі айда жаз келер», «Бұқарға», «Биік тауға жарасар», «Өмірге тоймас адамзат», «Ханға жауап айтпасам», «Бекболат биге», «Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек», «Мұсылманның баласы», «Төрінде жатып салмақтан», «Көкте бұлт сөгілсе», «Жауқашарға», «Жар басына қонбаңыз», «Бәкеге», «Жиделібайсын жетіңіз», «Мінген атың айтамын».



Үмбетей жыраудың ұрпақтары
Ерейментау ауданының
Күншалған әкімшілігіне қарасты
Шәкей ауылында тұрады. Имақан
Атқыбайұлынан жазып алған
шежіреге сүйенсек, Үмбетей
Тілеуұлынан төрт ұл туады.
Жырау Қанжығалы ішінде
Жолымбет руынан. Ұлдары:
Әтебек, Батырбек, Белденжана,
Боқан. Белденжанасынан – Бұйра
туады. Бұйрадан – Жүзбай,
Жүзбайдан – Кәрісмағұл,
Кәрісмағұлдан – Атай, Атайдан –
Жеңіс, Мәлс, Қуат туады.



НАЗАРларыңызға рахмет!